



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 60 (8323) Сенбі 20 маусым 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

БАЙЗАҚ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ӘКІМІ

№ 171-ө 12.06.2015 ж.

Грамотамен марапаттау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабына сәйкес, «Медицина қызметкерлері күні» мерекесіне орай, ауданның медицина саласындағы көпжылдық еңбегі және қоғамдық жұмысқа белсенді араласқаны үшін:

ТУКТЕЕВА Насипа Байминқызы – Байзақ аудандық сараптама орталығының бактериология зертханасының лаборант паразитологы;

ИБРАЕВА Ботагөз - Байзақ аудандық сараптама орталығының санитариялық – гигиеналық зертханасының дәрігер лаборанты;

АЛЕХАНОВА Жумабике Қайырбекқызы – Байзақ аудандық орталық ауруханасының емхана бөлімінің терапевт дәрігері;

ЕГЕМБЕРДИЕВА Дариға Мұханқызы – Байзақ аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының санитариялық-гигиеналық қадағалау және техникалық регламенттердің сақталуын бақылау бөлімінің жетекші маманы аудан әкімінің Грамотасымен марапатталсын.

Аудан әкімі

М. Шүкеев.

БАЙЗАҚ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ ӘКІМІ

№ 172-ө 12.06.2015 ж.

Алғыс хатпен марапаттау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабына сәйкес, «Медицина қызметкерлері күні» мерекесіне орай, ауданның медицина саласындағы көпжылдық еңбегі және қоғамдық жұмысқа белсенді араласқаны үшін Байзақ аудандық орталық ауруханасының акушер-гинеколог дәрігері **АЛИПБАЕВА Гульдер Дауылбайқызы** аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталсын.

Аудан әкімі

М. Шүкеев.

Марапатталды

Аудандық мәслихаттың хатшысы Н.Үкібаевтің 2015 жылғы 19 маусымдағы №15 өкімімен «Медицина қызметкерлері күні» кәсіби мерекесіне орай, ауданның денсаулық сақтау саласын дамытуға қосқан елеулі үлесі және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқаны үшін - Кеңес дәрігерлік амбулаториясының аға дәрігері **Абдәйімов Ғани Жұмабайұлы**, орталық аудандық аурухананың хирург –дәрігері **Сыздықов Алматы Танибергенұлы**, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Жамбыл облыстық санитарлық –эпидемиологиялық сараптама орталығы Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Байзақ ауданы бойынша филиалының зертхана лаборанты **Ордабаева Венера Қайрашқызы**, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Жамбыл облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Байзақ ауданы бойынша филиалының дәрігер-бактериолог **Сағындықова Жанат Қуандыққызы**, Байзақ аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының жетекші маманы **Әбдірәсілов Серік Мейрамқалиұлы** Байзақ ауданының Құрмет грамотасымен марапатталды.

«Медицина қызметкерлері күні» кәсіби мерекесіне орай, денсаулық саласында көп жылдар бойы өнегелі еңбек етіп, ел-қоғам алдында абыройлы қызмет атқарғандары үшін аудандық орталық ауруханасының аға мейірбикесі **НАРЕГЕЕВА Жанар Маарқызы** және аудандық орталық ауруханасының емхана бөлімінің екпе егу мейірбике ісі бойынша жоғарғы дәрежелі дәрігері **АБДРАИМОВА Керімбүбі** “Нұр Отан” партиясы Байзақ аудандық филиалының Алғыс хатымен марапатталды.

“Нұр Отан” партиясы аудандық филиалы
торағасының бірінші орынбасары Н.Елепов.

АУДАН ӘКІМІ МҰРАТХАН ЖҮНІСӘЛІҰЛЫ ШҮКЕЕВТІҢ МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Қымбатты денсаулық сақтау саласының қызметкерлері!

Құрметті дәрігерлер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – медицина қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын.

Адам өмірін ұзартуға септігін тигізіп, ажалдан арашалаушы дәрігер мамандығын халқымыз ежелден қастерлеп, құрметтеген. Бүгінгі таңда қазақстандықтардың денсаулығын жақсарту – еліміздің мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі. Елімізде денсаулық саласын дамыту, тұрғындарға заман талабына сай, қолжетімді және сапалы медициналық қызмет көрсету жолында бар мүмкіндіктер жасалуда. Халықтың денсаулығын қорғау Елбасымыздың үстіміздегі жылғы «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «...Қазақстанда халықтың мақсатты топтарының денсаулық жағдайын бақылаудың ұлттық бағдарламалары кешенін енгізу, ауыл тұрғындары үшін медициналық көмектің қолжетімділігін кеңейтуге айрықша назар аудару, елімізде көліктік медицинаны дамыту, 2015 жылға қарай 350 дәрігерлік-амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік пункттер және емханалар салынатын болады» деген жолдар медицина саласымен тағдырын байланыстырған сіздердің алдарыңызда тұрған асқаралы міндет міне, осыны көздейді.

Баға жетпес қоғамдық байлық – әрбір адамның және болашақ ұрпақ денсаулығына және жалпы ұлт денсаулығы. Медицина қызметкерлерінің тәжірибесі, кәсіпқойлығы, білімі мен шеберлігі, адам өмірі мен денсаулығына үлкен жауапкершілікпен қарауы қоғамның тұрақты дамуының кепілі болып табылады. Сондықтан жыл өткен сайын аудандық денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық жағдайы жақсаруда. «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында жас дәрігер –мамандарды жұмысқа тарту мақсатында қомақты қаржы бөлініп келеді. Сонымен қатар ауруханаларды жаңа технологиялық құралдармен жабдықтау да назардан тыс қалмауда.

Қадірлі денсаулық сақтау саласының қызметкерлері!

Сіздерді төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, барлықтарыңызға мықты денсаулық, отбасылық береке және қызметте табысқа жетулеріңізді тілеймін.

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС - БАРШАҒА МІНДЕТ

ЗАНДЫ БІЛМЕУ, ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН БОСАТПАЙДЫ

С.Қалмұратов,
«Ауыл жаңалығы».

СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚ
КЕЗ КЕЛГЕН
МЕМЛЕКЕТТІҢ,
ҚОҒАМНЫҢ
ДАМУЫНА, ӨСІП-
ӨРКЕНДЕУІНЕ
ӨЗІНІҢ КЕРІ
ӘСЕРІН ТИГІЗЕТІН
КӨКЕЙКЕСТІ
ӘЛЕУМЕТТІК
МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. БҮЛ БІЗДІҢ
ЕЛІМІЗДЕ ҒАНА ЕМЕС, БҮКІЛ
ӘЛЕМДІК ДЕНГЕЙДЕ КӨРІНІСТАУЫП
ОТЫРҒАН ДЕРТ. СОНДЫҚТАНДА
БҮЛ ӨЗЕКТІ ДЕ ТҮЙІНДІ МӘСЕЛЕНІ
ЖЕҢУ ҮШІН БҮКІЛ ҚОҒАМ БОЛЫП
КҮРЕСКЕНДЕ ҒАНА ОННӘТІЖЕЛЕРГЕ
ҚОЛ ЖЕТКІЗУГЕ БОЛАТЫНДЫҒЫ
ТУРАЛЫ АЗ АЙТЫЛЫП ЖҮРГЕН ЖОҚ.
ОНЫМЕН КҮРЕСУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ, ӨНІРЛІК, АУЫЛ-
АЙМАҚТЫҚ ДЕНГЕЙЛЕРДЕ ТҮРЛІ
ІС-ШАРАЛАР ЖАСАЛЫНЫП, ЖҮЗЕГЕ
АСЫРЫЛУДА.

Апта ортасында аудан әкімдігінің мәжілістер залында осындай маңызды шара болып өтті. Нақтылай кетсек, ауданның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасының үстіміздегі жылдың II тоқсанында орындалу барысы туралы аудандық жемқорлыққа қарсы күрес ведомствоаралық комиссиясының кезекті мәжілісі болып өтті.

Мәжіліс жұмысын жүргізіп отырған аталмыш комиссия төрағасы, аудан әкімі М.Шүкеевтің кіріспе сөзінен соң, оның жұмыс тәртібі мен регламентін бекіткен жиын қатысушылары күн тәртібіндегі мәселе бойынша аудан әкімі аппаратының басшысы Б.Ақбаевтың баяндамасын тыңдады.

Сөз басын қоғам дертіне айналған сыбайлас жемқорлықпен күреске жалпы халықтық сипат беру стратегиясын қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстар қатарында – аудан әкімдігі, оның бөлімдері, ауылдық округ әкімдері сенім телефондарының жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары



беттерінде жариялануы, арыз-өтініштерге арналған жәшіктердің орнатылуы сынды шаралардан бастаған баяндамашының мәліметінше жыл басынан бүгінгі таңға дейінгі аралықта

аудан әкімі аппаратына жеке тұлғалардан 306 жазбаша өтініш түсіп, оның 12-сі қанағаттандырылса, 53-іне түсінік берілген, 4-і жоғары тұрған тиісті органдарға жіберілген, ал қалған 232-сі төменгі тұрған органдардың қарауына жолданған екен. сондай-ақ 2 арыз заң талаптарына сәйкес қараусыз тоқтатылса және 2-еуі бойынша қараудан бас тартылған.

Сонымен қатар, заңды тұлғалардан жалпы саны 186 жазбаша өтініш-арыз түсіп, оның 3-еуі қанағаттандырылған, 30-на түсінік берілсе, 153-і төменгі тұрған органдардың қарауына жолданған екен.

Одан әрі қарай баяндамашы халықтың құқықтық ақпаратқа барынша қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында ашылған аудан әкімінің ресми веб-сайты, халықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша пікірлерін білу үшін ашылған блогтың үнемі қажетті мәліметтерімен толықтырылып отырылуы,

аудан орталығында, ауылдық елдімекендерде тақырыпқа сай көрнекі ақпарат құралдарының (билборд, көрме, банер т.б.) ілінуі, жемқорлықпен күрес процессіне кеңінен қатыстыру мақсатында қоғамдық бірлестіктер мен үкіметтік емес ұйымдармен

жүргізілген жұмыстар, өткізілген семинар-кеңестер, дөңгелек үстелдер, құқықтық білім беру шаралары туралы әңгіме өрбіте келе, үстіміздегі жылдың 5 айында жоғарыда аталып өткен

профилактикалық тұрғыдағы іс-шаралардың нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрінісі бар құқықбұзушылық әрекеттердің орын алмағандығын жеткізіп, сөзін аяқтады.



Аталмыш комиссия төрағасы және мүшелері тарапынан баяндамашыға тиісті сұрақтар қойылып, жауаптар алынған соң, қызу талқылауға түскен мәселе бойынша аудан әкімдігі білім бөлімінің басшысы З.Дүзенова, Көктал, Бурыл ауылдық округтерінің әкімдері Б.Үкібаев, Е.Әліқұловтар өз салаларында, ауыл-аймақтарында бұл бағытта атқарып отырған жұмыстары туралы есеп берді.

Мәжіліс жұмысын қорытқан комиссия және мәжіліс төрағасы Мұратхан Жүнісәліұлы: “Халыққа қызмет көрсетіп жүрген әрбіріміз өздерімізге жүктелген міндеттерді дұрыс, ұқыпты және үлкен жауапкершілікпен атқарып, қоғам дертіне айналған сыбайлас жемқорлыққа бүкіл ел болып атсалыссақ еткен еңбегіміз нәтижелі болады” деді.

21 МАУСЫМ - МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

АҚ ХАЛАТТЫ АБЗАЛ ЖАНДАР АРДАҚТАЛДЫ

А.Шотбасова,
«Ауыл жаңалығы».

Маусым айының үшінші жексенбісі - медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Адам жанының арашасысы атанған осынау сала мамандарына құрмет еліміздің жер-жерлерінде көрсетілуде. Мерейлі мереке Байзақ жерінде де өз сән-салтанатымен аталып өтілді.

Қасиетті жұма күні аудандық орталық аурухана ғимаратында осынау мейрамға байланысты іс-шара өткерілді. Келелі басқосуда сөз алған аудан әкімінің орынбасары С.Кенжебаев ақ халатты абзал жандарды төл мерекелерімен құттықтап, олардың жауапты жұмыстарына табыстар тіледі.

Мерекелік шарада денсаулық саласының мамандарына өздерінің игі тілектерін аудандық мәслихат аппаратының басшысы И.Сәлімбаев, «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы төрағасының



бірінші орынбасары Н.Тлепов та айтып жеткізді.

Мұнан соң марапаттау рәсіміне кезек беріліп, бір топ сала озаттары аудан әкімі М.Шукеевтің арнайы мадақтауына ие болды. Құрметке бөленгендер арасында орталық аурухананың акушер-гинеколог дәрігері Г.Алипова, сараптама орталығының бактериология зертханасының лаборант паразитологы Н.Тукеева, осы орталықтың санитариялық-гигиеналық зертханасының дәрігер-лаборанты Б.Ибраева,

емхана бөлімінің терапевт дәрігері Ж.Алханова және аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының санитариялық-гигиеналық қадағалау және техникалық регламенттердің сақталуын бақылау бөлімінің жетекші маманы Д.Егембердиевалар бар.

Ал, аудандық мәслихат хатшысы Н.Үкібаевтың қолы қойылған Құрмет грамоталары Кеңес дәрігерлік амбулаториясының аға дәрігері Ф.Абдреймов, орталық аудандық аурухананың хирург дәрігері А.Сыздықов, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Жамбыл облыстық санитарлық-эпидемиологиялық сараптама орталығы Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Байзақ ауданы бойынша филиалының зертхана лаборанты В.Ордабаева, осы мекеменің дәрігер-бактериолог Ж.Сағындыкова, Байзақ аудандық

тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының жетекші маманы С.Әбдірәсіловтерге табысталды.

«Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалының Алғыс хатын К.Абдраймова, Ж.Нарегеева алды.

Бұдан бөлек мерекелік шарада азаматтардың денсаулығын сақтау

М.Мәдімаров Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының Құрмет Грамотасын иемденді.

Бұл күні сонымен қатар, «Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі Жамбыл облыстық филиалы тарапынан бірқанша ақ халаттыларға құрмет



ісіне қосқан жеке үлесі және мінсіз адал еңбегі үшін ота бөлімінің меңгерушісі Ф.Тлепалдиев ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің Алғыс хатын, жан сақтау бөлімінің меңгерушісі

көрсетілді. Ауылдық округтердегі емдеу мекемелері қызметкерлерінің де еңбектері ерекше бағаланып, оларға аудандық орталық аурухананың кәсіподақ комитетінен бағалы сыйлықтар берілді.

АЛҒЫС АРҚАЛАҒАН САЙФИЖАМАЛ

Г.Әбдіқұлова,
«Ауыл жаңалығы».

«Қолы шиналы, білікті дәрігерді халық асырайды» деген сөздің жаны бар секілді. Шындығында да адам тәнінің қиналысы мен қасіретін жүрегімен сезіне білетін, баға жетпес құндылық-адам денсаулығын сақтап



калуға бар білімін жұмсайтын дәрігерлер қандай құрметке де лайық. Сайфижамал Уразбекқызы дертіне шипа іздеп келген жас пен көріні ауруынан айықтырып, жанына дауа, тәніне шипа болардай ем беретін білікті дәрігер десек артық айтқандық емес. Уақытпен санаспай денсаулық күзетінде жүріп, халықтың алғысын арқаалаған ару бүгінде Жанатұрмыс дәрігерлік амбулаториясында аға дәрігер қызметін атқарып келеді.

Дәрігердің қолы-нәзік, көзі-қырағы, жүрегі-айбарлы болуы керек. Мұндай қасиет Сайфижамал бойында бар екендігі екеуара әңгіме арасында байқалды.

Жаңға шуақ беретін әдемі күлкісімен адамды баурап алатын Сайфижамал Қарақалпақстан Республикасының Беруний қаласында дүниеге келіпті. Әкесі Уразбек Мамышұлы Беруний қаласына танымал ұстаз болса, анасы тұқым дайындайтын қоймада жауапты қызмет атқарады. Отбасында төрт ұл және бір қыздың ортасында еркелеу болып өскен ол XXV партсезд атындағы мектепті үздік бітіреді. 1989 жылы Владикавказ қаласындағы Северо-Осетинский медициналық институтының «Емдеу ісі» факультетіне оқуға түседі. Білімге құштар бойжеткен үздік әкелі жүріп, бос уақытында жақын маңдағы медициналық мекемелерге барып, дәрігерлердің тыныс-тіршілігімен, аурулардың мұн-мұқтажымен етене танысуын арқасында болашақ кәсібінің қыр-сырын меңгере бастайды. III курста Ташкенттегі медициналық институтына ауысып, 1995 жылы отбасылық дәрігер мамандығын алып шығады. 1989 жылы ата-анасы Жамбыл облысы Байзақ ауданына қоныс аударады. Осы жылы Тараз қаласындағы №1 перзентхана акушер-гинеколог мамандығы бойынша интернатурадан өтеді. Еңбек жолын облыс орталығындағы «Ана мен бала» орталығында акушер-гинеколог болып бастаған Сайфижамал 2000-2001 жылдары қалалық №1 емханада жалпы дәрігер, ал 2001 жылы Байзақ ауданына қарасты Түймекент дәрігерлік амбулаториясында жалпы дәрігер, ал 2003 жылдан бастап, Жанатұрмыс дәрігерлік амбулаториясында аға дәрігер болып қызмет атқарады.

Жанатұрмыс ауылдық округіне Ақшалақ,

Қайнар, Жібек жолы, Жанатұрмыс, Төркекелді, Көкбастау, Тегістік, жалпы 7 ауыл қарайды. Округ тұрғындарының денсаулығын сақтау, оларға мінсіз қызмет көрсету оңай шаруа емес. Сайфижамал басшылық ететін ұжымның тұрғындарға медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын, халықтың өмір сүру ұзақтығын арттыру бағытында атқарған жұмыстары қыруар. Соның арқасында округте ана мен бала өлімі тіркелмеген. 5 төсектік күндізгі стационар жұмыс жасайды. Тұрғындар скринингтік тексеруден уақытымен өтіп тұрады. Есепте тұрған қан қысымы, жүрек, қан аздық пен пневмония ауруларымен ауыратын науқастар дәрігердің рецептімен, жүкті әйелдер, I жасқа дейінгі, I және 5 жасқа дейінгі балалар тегін дәрігермен қамтылған.

Дәрігерлік амбулатория халыққа сапалы қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін жабықтармен жабдықталған. Бала дәрігері Загила Елманова, 14 медбике және I медалға-денсаулық күзетінде. Әсіресе, М.Қалмуратова, К.Сутурбекова, Л.Құдайбергенова,



К.Ниязқұлова, А.Рахимова, Г.Оспанова, П.Омарова, Г.Джумалиева, Ш.Амангөзиева, Ж.Сейсеналиев, Н.Әліпбаева, лаборант З.Камалова ұжымның мақтаншы саналады.

Адам денсаулығы мен оның белсенді өміріне қызмет ететін ең мейірімді мамандықтың иегері Сайфижамал Трушева үшін дәрігер мамандығынан қасиетті мамандық жоқ деп санайды. Ол басқарған ұжым жыл сайын жақсы жетістіктерге жетіп келеді. 2006 жылы облыста өткен аудан халқының денсаулығын жақсартудағы елулі жетістіктері үшін «Үздік тәжірибелі дәрігер» номинациясы бойынша Жанатұрмыс дәрігерлік амбулаториясы жеңімпаз болып танылыпты.

Дәрігердің міндеті аянбай еңбек етуді, адамдарға деген асқан мейірімділікті талап етеді. Ұлық мамандыққа өз өмірін арнайы отырып, өзгелердің өмірі үшін де жауапкершілікті мойындарына алады. Өмір бойы оқып, озық қондырғылардың қыр-сырын және ауруларды емдеудің жаңа амал-тәсілдерін меңгеруі талап ететін дәрігер мамандығы-мамандықтың төресі деп санаймын. Сондықтан дәрігер болғанды мақтан тұтамын,-дейді бізбен әңгімесінде Сайфижамал ағынан жарылып.

Ия, терең білім, берік ұстаныммен қатар өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтын Сайфижамал Трушева білімін ұдайы жетілдіріп отырады. Ел саулығына қосқан үлесі үшін аудандық мәслихаттың Грамотасымен, көптеген Мақтау қағаздарымен марапатталған білгір дәрігер бүгінде жолдасы Алимжанмен Даниил және Алихан атты екі ұлды тәрбиелеп отырған бақытты отбасының бірі.

Жан-жағына жақсылық нұрын шашып жүрген ақ желеңді аруды төл мерекесімен құттықтай отырып, деніне саулық, отбасына амандық тілейміз. Әрдайым емделушілердің ыстық ықыласы мен құрметіне бөлек бер демекпіз.

МЕДИЦИНА НЕ ТЕРПИТ ДИПЕТАНТОВ

Р.Джакипова,
«Ауыл жаңалығы».

Профессия врача – одна из самых древних и уважаемых. В глубокой древности люди ценили и уважали тех, кто мог снять боль, остановить кровотечение, знал средства лечения болезней. Врачу доверяли самое главное – свою жизнь.

Наше районное хирургическое отделение возглавляет Гани Тилепалдиев, хирург с большим стажем. Под его началом работает три молодых специалиста. Лучшим и подающим большие надежды считают Алмата Сыздықова, который работает в нашей больнице с 2009 года.

Алмат Танибергенович приехал в наш район вместе с женой по программе «С дипломом – в аул». Они оба закончили Международный Казахско-турецкий университет имени Х.А. Яссауи, факультет – лечебное дело в городе Туркестане.

Молодые специалисты решили: село – хорошая стартовая площадка для карьеры, возможность реализовать себя. Оба жители Кызылординской области. Выбрать Жамбылскую область посоветовали друзья, которые уже работали здесь.

Алмат помнит, как в четвертом классе учительница на уроке задала вопрос: «Кто кем хочет стать, когда вырастет?». На что он ответил: «хирургом». Не помнит почему, но этот его выбор остался у него в сознании. И когда закончил школу в 2002 году, он, не задумываясь, пошел в медицинский и выиграл грант при поступлении в ВУЗ.

По окончании учебы из набранных 220 студентов осталось около половины. Многие не выдерживали трудностей учебы, другие понимали, что это не их дело и уходили. С будущей супругой он учился на одном курсе. Поженились после 6 курса и сделали осознанный выбор приехать в наш регион.

«Теория – это одно. Она ничто без практики, особенно в медицине. Всею, что я умею, научился здесь, работая в больнице под началом Гани Минуаровича, - говорит А.Сыздықов. – Он хороший наставник, умеет грамотно объяснить, учит всему, что знает сам».

Сегодня за плечами Алмата Танибергеновича шесть лет работы в районной больнице. В прошлом году он прошел шестимесячные курсы повышения квалификации в Израиле по программе «Болашақ», благодаря тому, что выиграл конкурс в Астане в числе 100 человек, а претендентов было 500. Это говорит о многом.

Алмат с восхищением отзывается о медицине Израиля, о высокой оснащенности больниц современными приборами, даже в больницах районного уровня. В Израиле он многому научился. И это дало ему стимул для дальнейшего стремления. Через несколько лет он мечтает поехать в



Америку, где хочет пройти стажировку, его волнует рак - бич нашего времени.

«Успех любого лечения зависит от правильной диагностики. Верно и вовремя поставленный диагноз – это уже полдела, - считает молодой специалист. – За рубежом диагностика на высоком уровне и еще профилактика болезней. Они стараются не лечить болезнь, а предупредить её. Одним словом, у них есть чему поучиться».

К сожалению, мы, молодые специалисты, плохо владем информацией. А ведь у нас в республике предоставляется немало возможностей для молодых. Есть программы на государственном уровне по усовершенствованию мастерства за рубежом. Думаю, я смогу выиграть конкурс и поехать в Америку. Главное иметь желание учиться дальше, ведь в медицине сегодня происходит столько новых открытий, надо только не останавливаться на достигнутом, а иметь желание идти дальше.

А своё ближайшее будущее я представляю только здесь, хороший коллектив, квалификация, надо ещё многому научиться».

Гани Минуарович высоко оценивает возможности своего подопечного: «У меня в отделе работают три хирурга – все молодые специалисты – и перспективные. Нам ведь нужны профессионалы и поэтому отбираем лучших. За почти 20-летний стаж работы у меня было 18-19

учеников. Случайные люди сразу отсеивались. Остаются те, кто хочет получить опыт, так сказать «набить руку», а в глубинке для этого больше возможности. Ведь в районной больнице, чтобы работать хирургом, надо быть «профессором» – уметь делать всё. Бывают иногда такие экстренные случаи, когда на свой страх и риск надо принимать решение. У нас ежедневно идут операции – бывает по 4-5 в день, не считая многочисленных травм, требующих первичной хирургической обработки. Районная больница – хорошая школа для начинающего хирурга.

О своих молодых коллегах могу сказать только хорошее: хотят работать, хотят учиться, хотят много знать – это очень ценно, особенно в нашей профессии. Алмат счастлив на сегодня самый опытный. И, между прочим, верный друг, товарищ, как сказали бы в бытность моей молодости – и эти слова могут много

сказать о человеке.

«Высшим пилотажем» в районной больнице считается холецистэктомия – удаление желчного пузыря. И это Алмат Танибергенович делает умело. В случае экстренной необходимости приходилось делать и тампонаду сердца. Вообще, объём проводимых им операций большой. Имеет смелость, не теряется в трудных ситуациях, всегда собран, сосредоточен, ведь у хирурга должна быть твёрдая рука и нет права на ошибку - медицина ошибок не прощает.

Супруга Алмата Танибергеновича работает терапевтом городской поликлиники №2, у них трое детей, но сидеть дома она не собирается, не хочет терять квалификацию. Вообще бытует мнение, что два врача в семье – это гармония.

Накануне праздника хочется всем, кто стоит на страже здоровья людей, пожелать счастья и успехов, чтобы с годами непритуплялось чувство сострадания и милосердия, присущие врачам, чтобы не коснулось их равнодушие, чтобы в любую минуту могли прийти на помощь всем, кто нуждается в их высоком профессионализме и чутком сердце. Дарить людям жизнь и здоровье – благородная миссия.

Р.С.В честь профессионального праздника пришла хорошая новость - хирург районной больницы Алмат Танибергенович Сыздықов был награждён Почетной грамотой районного мажлиса. С чем мы его и поздравляем.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС-ҚОҒАМДЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕСІ

Р.Сарсенов,
«Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы жанындағы «Жемқорлыққа қарсы әрекет» жөніндегі қоғамдық кеңесінің төрағасы.



Қоғамдағы жаңғыртудың ең маңызды мәселелердің бірі-сыбайлас жемқорлықпен кесімді күрес екені белгілі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Қылмыспен, сыбайлас жемқорлықпен, алаяқтықпен, заңдардың бұзылуымен таныды да қатал күрес жүргізу керек. Осы қиын кезде біздің азаматтардың, бүкіл қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін бәрін де істеу керек» деп атап өткен болатын.

Осы ретте елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті қозғайтын көптеген нормативтік-құқықтық актілер қабылданды. Ал, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысты Қазақстан Республикасының Заңы құқық бұзушылықтың негізгі ұғымдарын, субъектілері мен түрлерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қағидаттарын, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі шараларды айқындайды. «Нұр Отан» партиясы Байзақ аудандық филиалы жанындағы «Жемқорлыққа қарсы әрекет» жөніндегі қоғамдық кеңесінің мақсаты және негізгі міндеті де осы бағытты көздейді.

Осы ретте «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы жанындағы «Жемқорлыққа қарсы әрекет» жөніндегі қоғамдық кеңес тарапынан көптеген ауқымды жұмыстар атқарылды.

2012 жыл мен 2015 жылдың мамыр айлары аралығында партия аудандық филиалы жанындағы «Жемқорлыққа қарсы әрекет» жөніндегі қоғамдық кеңестің жоспарына сәйкес, партия аудандық мәслихаттағы депутаттық фракциясының мүшелерімен, атқарушы органдар, құқық қорғау органдары, қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдармен, орта шағын кәсіпкерлік субъектілері және БАҚ-пен тығыз байланыста жұмыстар атқарылды.

Қоғамдық кеңес жоспарына сәйкес, 2012-

2014 жыл аралығында аудандық төтенше жағдайлар бөлімі, Байзақ ауданы бойынша кірістер басқармасы, аудандық халыққа қызмет көрсету орталығы, аудандық орталық аурухана, аудандық ішкі істер бөлімі, оның ішінде, көбіне қоғамдық тыңдауға келетін азаматтардың арыз-шағымдары көші-кон полициясы, аудандық прокуратура, аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, «Жұмыспен қамту орталығы», аудандық зейнетақы төлеу мемлекеттік орталығы (ЗТМО), аудан әкімдігінің білім бөлімі және аудандық жылжымайтын мүлік орталығы қызметкерлерімен дөңгелек үстел отырыстары ұйымдастырылды.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы жанындағы «Жас Отан» Жастар қанатының мүшелерімен «Жастар жемқорлыққа қарсы» тақырыбында ауыл жастары арасында семинар-тренинг, «Жемқорлықпен күрес баршаның міндеті» атты семинар-кеңес, «Жемқорлықтың апарар жолы...» және т.б. көптеген шаралар ұйымдастырылды, жыл сайынғы «Жолда қабылдау» республикалық акциясы тұрақты өткізілуде. Сондай-ақ аудандық «Жемқорлыққа қарсы әрекет жөніндегі» қоғамдық кеңесі және партия аудандық филиалы Партиялық бақылау комиссиясымен бірлескен отырыстарында 2012 жылы аудан бойынша жемқорлық әрекеттері, қылмыстарына байланысты жауапкершілікке тартылған азаматтардың, партия мүшесі басшыларының партиялық жауапкершілігі қаралып, 7 партия мүшесіне партия Жарғысының 3,8-бабына сәйкес, «алдын ала ескерту» түріндегі партиялық жаза беріліп, 1 партия мүшесі партия қатарынан шығарылды. 2013 жылдың 10 қазаны күні аудандық «Жемқорлыққа қарсы әрекет жөніндегі» қоғамдық кеңесі және партия аудандық филиалы Партиялық бақылау комиссиясымен бірлескен отырысында «Нұр Отан» партиясы Жарғысының 3-тарауының 3,6-тармағы 5-тармақшасының 1-2 абзацтарына сәйкес, жемқорлық қылмыс жасаған немесе әрекеттерге барған партия мүшелерінің мәселелерін талқылай келе, 3 партия мүшесі партия

қатарынан шығарылып, 1 партия мүшесіне партия Жарғысының 3,8-бабына сәйкес «сөгіс» түріндегі партиялық жаза берілді. 2014 жылы 1 партия мүшесі партия қатарынан шығарылып, 1 партия мүшесіне «ескерту» түрінде партиялық жаза берілді.

Қоғамдық кеңес есепті кезеңде 19 көшпелі отырыс өткізді. Аталмыш отырыстарда ауыл тұрғындары көбінесе ауыз су, жол, газ және жарық мәселелері бойынша ұсыныстарын жеткізді. Қоғамдық кеңеске 2012 жыл бойынша 9 арыз-шағым түсіп, оның барлығы қанағаттандырылды. Келіп түскен арыз-шағымның 4-еуі білім беру саласы бойынша, 1-еуі көшіп келген ағайындарды тіркеу туралы және 4-еуі жер мәселесі бойынша тіркелді. Ал, 2013 жылы 13 арыз-шағым түсіп, олар толықтай қанағаттандырылды. Мұндағы арыз-шағымның 5-еуі білім беру саласына қатысты болса, 3-еуі әлеуметтік көмек алу, 1-еуі көшіп келген ағайындарды тіркеу, 3-еуі жер мәселесімен, ал, 1-еуі мекеме басшысымен арадағы келіспеушілік мәселесі бойынша тіркелген. Сондай-ақ өткен жылдың 10 айында 8 арыз-шағым түсіп, оның 8-і де қанағаттандырылды. Келіп түскен арыз-шағымның 2-еуі білім беру, 2-еуі газдандыру, 1-еуі қылмыстық іс, 2-еуі жер мәселесі және 1-еуі басшысымен арадағы келіспеушілік мәселесі бойынша тіркелген. Сонымен бірге, үстіміздегі жылдың бес айында 2 арыз-шағым түсіп, екеуі де қанағаттандырылды. Жоғарыда көрсетілген 2 арыздың бірі аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне, екіншісі жер мәселесі бойынша келіп түсті.

Бірінші тоқсанда жемқорлықтың алдын алу мәселесі бойынша өртке қарсы және халыққа қызмет көрсету орталығы мекемелерінде біріккен отырыстар өткізіліп, жергілікті басшылар беттерінде жарияланды. Баспасөз ақпарат құралдарына есепті кезеңінде 34 мақала шықты. Кеңестің 21 отырысы өткізілді.

Келешекте, өздеріңіз теледидардан көріп, газеттен оқып отырғандай жемқорлықтың алдын алу бойынша 2015-2016 жылдардың бағдарламасында үлкен өзгерістер қабылданып, жемқорлықтың алдын алу жоспары жасалады. Осыған орай, біздің аудан халқының алдында осы жылғы өз жоспарымызды жасап, бұған әр мекеме, әр ұжым бірікпелі атсалыса, алға қойылған мақсатымыз ілгері басады деп ойлаймын.

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ РАЙОНА!

Жамбылский областной филиал ГЦВП для сведения и в целях предупреждения коррупционных действий в сфере социального обеспечения сообщает следующее:

Процедура назначения пенсий и пособий, выплачиваемых из республиканского бюджета, проходит следующим образом. При наступлении права на получение пенсий и пособий, социальных выплат граждане обращаются с заявлением и со всеми необходимыми документами в местные отделения Государственного центра по выплате пенсий (ГЦВП), которые формируют макет дела получателя и производят проекты соответствующих расчётов.

При этом обращаем ваше внимание - Государственный центр по выплате пенсий (ГЦВП) не является органом, принимающим решение по вопросам назначения и пересмотра сумм выплат, а также сотрудники, включая начальника районного отделения ГЦВП, не имеют полномочий на изменение размеров назначаемых выплат и возврат излишне выплаченных сумм. Таким образом, ГЦВП является лишь технической службой, которая осуществляет организацию выплаты пенсий и пособий.

Назначение пенсий и пособий, социальных выплат - вынесение решения о назначении, пересмотре размера выплат осуществляется уполномоченным государственным органом, которым является Департамент комитета труда, социальной защиты и миграции по Жамбылской области Министерства здравоохранения и социального развития Республики Казахстан.

Все виды государственных услуг по приёму документов на оформление пенсий и пособий, оказываемых населению через ГЦВП, являются бесплатными. Также сообщаем, что согласно пенсионному законодательству удержания из пенсионных выплат могут производиться в порядке исполнения производств, кроме случаев излишне выплаченных сумм пенсий вследствие ошибок при назначении пенсий, когда удержания производятся на основании заявления получателя пенсионных выплат.

В целях недопущения коррупционных действий при оформлении выплат пенсий и пособий, в случае возникновения фактов принуждения Вас к денежному (или другому) вознаграждению (взятке) со стороны работников ГЦВП, просим Вас незамедлительно сообщить об этом по следующим «телефонам доверия» РГКП ГЦВП, либо обратиться в органы финансовой полиции:

- Центральный аппарат РГКП ГЦВП, г.Астана: 8 (7172) 55-21-21;
- директор Жамбылского областного филиала ГЦВП: 8 (7262) 99-98-81 (Тортбаев Н.М.);

- заместитель директора Жамбылского областного филиала ГЦВП: 8 (7262) 99-98-82 (Искаков Н.С.);

- начальник Байзакского р/о ГЦВП: 8 (7237) 70-42 (Биторсыхов М.У.).

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ БАЙЗАҚ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ ШАРАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ «БАЙЗАҚ СУ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ ДИРЕКТОРЫНЫҢ БОС ТҮРҒАН ЛААЗЫМЫНА КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Байзақ ауданы әкімінің аппараты Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Байзақ су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директорының (1 бірлік) бос тұрған лауазымына конкурс жариялайды.

Кәсіпорынның атауы: Жамбыл облысы Байзақ ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Байзақ су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Орналасқан жері: 080100, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы, Суханбаев көшесі 257 үй.

Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты:

- ауданның инфрақұрылымын сумен, жылумен және энергиямен қамтамасыз ету;
- жылу және су құбырларына, энерго жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, оларды ағымдағы күрделі жөндеулерден өткізу;
- кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және тұрғындарға тиісті су, жылу құбырларын және электр жүйе жабдықтарын пайдалануда қызмет көрсету;

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі - жоғары кәсіптік (техникалық, қаржы - экономикалық); мамандығы - техникалық, қаржы - экономикалық; жұмыс тәжірибесі - мамандығы бойынша экономика саласы кәсіпорнының бейініне сәйкес

